

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 55-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 495-қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға  
арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін  
«Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

## 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Музыка» пәнін оқытудың мақсаты: қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

3. «Музыка» пәнін оқытудың міндеттері:

1) өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып, әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру;

2) музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;

3) сыни тұрғыда ойлауы және музыкаға жағымды қарым-қатынасы мен музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;

4) музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау және зерттеу, орындаушылық пен импровизациялау, оқу пәндік-тақырыптық білім, икем және дағды аясында дамыту;

5) музыкалық қабілеттілігі, белсенді шығармашылығы, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;

6) музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру;

7) музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу);

8) ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық, техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру және дамыту.

4. «Музыка» пәнін оқытудың түзету міндеттері:

1) ойлау, есте сақтау, суырып салу қабілеттерін қалыптастыру;

2) ән орындау қызметі барысында дұрыс тыныс алу, сөйлеу қабілетін дамыту;

3) аспаптарда ойнау, мәнерлі қимылдар жасау арқылы ұсақ моторикасын дамыту;

4) эмоциональды өріс ерекшелігіне әсер ету;

5) ойлау, елестету қабілеттерін дамыту;

6) орталық жүйке-жүйесінің функциясы мен психологиялық жағдайын жақсарту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі – ТҚАБ) білім алушылардың негізгі қимыл-қозғалысы және танымдық әрекетінде кездесетін ерекшеліктер:

1) саусақтарының дифференциалдық қимыл-қозғалысының тежелуі, сенсорлы тежегіштер: көру, есту қабілеттерінің бұзылуы; тактильдік және кинестетикалық қабылдауының тежелуі;

2) білім алушыларда сөйлеу тілінің мынадай бұзылыстары болады: сөйлеу темпінің төмендігі, дауысының жайлығы; фонематикалық есту қабілетінің төмендігі байқалады: олар дыбысты, дыбыс қатарын ажырата алмайды;

3) табиғи физиологиялық қызметтерді қиындықпен атқарады: жұтыну, ауаны жұту, ауаны кері шығару.

6. ТҚАБ білім алушылармен жұмыс істеуде олардың музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттермен айналысуына көп көңіл бөлінеді: музыка тыңдау, ән айту, аспапта ойнау, музыкалық шығармаларды сахналау, ойдан әуен ойлап табу, музыканың сүйемелеуімен музыкалық-пластикалық қозғалыстар жасау, музыкалық сюжетті этюд қою. Осындай музыкалық-шығармашылық жұмыстар мұғалімге балаларды дамыту, бұзылыстарды түзету және психомотрикалық функцияларын қалыпқа келтіруге көп септігін тигізеді.

7. «Музыка» пәнін оқытуда ТҚАБ білім алушыларға білім беру барысында мұғалім ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастырып, түзете-дамыта оқытуға бағытталған қағиданы ұстанады.

8. Оқытудың түрлі технологияларды қолданады:

1) ән айту, музыка тыңдау, екпіндік қимыл-қозғалыстарды орындау мүмкіндіктері бұзылған білім алушылармен жеке түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

2) ән айту барысында дыбыстарды дұрыс айту, дұрыс тыныс алу, сөйлеу мүмкіндіктері зақымдалған балалардың дыбыс ырғағын қалыптастыруға арналған ырғақтық-артикуляциялық жаттығулар орындау;

3) әннің сөзін жаттау барысында қимыл-қозғалыспен бірнеше рет қайталау арқылы ұсақ-қол моторикасы мен есте сақтау қабілетін арттыру;

4) дұрыс тыныс алу, музыканың дыбыс ырғағы мен екпінін сезіне білу функциялары және ұсақ қол моторикасын қалыптастыра білу мақсатында үрмелі және ұрмалы музыкалық аспаптарды қолдана отырып түрлі музыкалық ойын-жаттығулар ұйымдастыру;

5) ән айту, би, қимыл және музыкалық аспаптарда ойнау арқылы балалардың эмоциясы мен айналасындағы адамдарға деген көзқарасын жақсартуға мүмкіндік беру;

6) алған білімі мен дағдыларын әрі қарай жетілдіру үшін әр білім алушының мүмкіндігіне қарай пікірін ескере отырып, жеке түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

7) іріктелген тапсырмалар мен арнайы жұмыс түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыру;

8) проблемалар мен оларды шешу стратегияларын білім алушыларға түсінікті жолмен жеткізу;

9) белсенді оқуға және зерттеушілік іс-әрекетке ынталандыру;

10) білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;

11) ұжымдық, жеке және топтық жұмысты ұйымдастыру;

12) білім алушының оқу үдерісінде түрлі музыкалық іс-әрекеттерге белсенді араласуы;

13) өздігінен ізденіп, білім алу үшін балалардың мотивациясын қалыптастыру;

14) балаларды ынталандыру мақсатында оқытудағы дифференциация;

15) пәнаралық байланыс: оқу пәндерімен байланыс орнату үшін олардың дағдылары мен оқыту мақсаттарын өз сабақтарына пайдалана отырып, пән мұғалімдері және логопед мамандарымен бірлесе отырып, пәнді игеруге қажетті сөздерді анықтай алады.

9. Қолданылатын түзету жаттығулары:

1) әр түрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды тыңдап, талдай білуге, оны эмоциональды қабылдауға үйрету;

2) есту қабілетін дамыту, музыкалық дыбыстардың жоғарлығы мен ұзақтығын тембріне қарап ажырата білуге үйрету;

3) әуеннің екпінін сезіне білуге үйрету;

4) музыканы есте сақтау қабілетін дамыту, әуенді есте сақтап, қайталап айта білуге үйрету;

5) музыкалық пластикалық жаттығулар, ритмикалық қозғалыстар (қозғалып әнге қосылу) және музыкалық ойындар арқылы қимыл-қозғалыс аппараттарын қалпына келтіру;

6) вокалдық жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету;

7) айналаны қоршаған дыбыстарды таныстыру арқылы музыкалық және жалпы мәдени дүниетанымын кеңейту;

8) емдік музыка терапиясы әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы психологиялық жағдайларын қалыпқа келтіру;

9) оқу процесі барысында денсаулық технологияларын қолдану;

10) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың эмоциялық сезімталдығын қалыптастыру, білім мен мәдениетке қызығушылығын ынталандыру арқылы талғампаздығын дамыту;

11) музыкалық-шығармашылық әрекет барысында сөздік қорын түзете-дамыта отырып тәжірибелік дағдыларын іске асыру;

12) музыкалық аспаптарда ойнау, мәнерлі қимылдар жасау барысында ұсақ моторикасын түзете-дамыта отырып қалыптастыру;

13) ырғақты музыка тыңдау барысында, музыка екпінімен қимыл-қозғалыстарды уақытылы қолдана білу дағдысын дамыту;

14) сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ қол моторикасы қызметтерін қалыптастыруда түрлі логоритмикалық және музыкалық жаттығулар мен ырғақтық-артикуляциялық жаттығулар орындау.

10. Бағдарламаның мазмұнын жүзеге асыруда музыка кабинеті келесі жабдықтармен және көрнекі құралдармен жарақтандырылады:

1) маркерлік және интербелсенді қабырға тақтасы;

2) жабдықталған компьютер (монитор, жүйелік блок, сабвуфер, колонкалар, микрофон, тышқан, клавиатура, желілік фильтр);

3) музыкалық орталық;

4) топпен жұмыс жасауға арналған ноутбук, бейнекамера, фотоаппарат;

5) музыкалық шығармалар фонотекасы (CD-жинақ): аудиожазбалар, отандық және шетелдік композиторлардың шығармашылығына арналған фонохрестоматиялар, опера қойылымдарының үзінділері жазылған музыка жинақтары;

6) опера қойылымдарының үзінділері жазылған бейнефильмдер; балеттік спектакльдердің үзінділері бар бейнефильмдер, белгілі оркестр ұжымының жазбалары сақталған бейнефильмдер, заманауи мюзикл үзінділерінің жазбалары сақталған фильмдер;

7) әндердің ноталық және поэтикалық мәтіндері;

8) әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап тұрған музыканттардың суреттері, әлемдік музыкалық мәдениеттің ірі орталықтарының картиналары мен суреттері.

11. Музыка кабинеті музыкалық аспаптармен: фортепианомен, баянмен, аккордеонмен, музыкалық зырылдауықпен, қазақтың ұлттық музыка аспаптарымен, ксилофонмен, металлофонмен, дабылмен, маракастармен,

музыкалық үшбұрышпен, жоғарғы дыбысты (пластиналық) қоңыраулармен, балаларға арналған барабандармен, метрономмен жабдықталады.

12. Музыка пәнінің кабинеті кіші топтарда білім алушылардың қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мобильді үстелдер және орындықтармен жабдықталады. Аудиторияны бірегей пайдалану үшін музыкалық жабдықтар, және аудио- және бейнетехникаларды еркін қосу үшін электр розеткалары кабинеттің барлық жақтарындағы нүктелерде орналасады.

13. Кабинетте жалюздер және терезелерді қараңғылау жүйесі, қосалқы бөлме, әртүрлі материалдар, жабдықтар және музыкалық құралдарды сақтауға арналған стеллаждар және ышқаптар қарастырылады, қабырғаларды дыбыстық оқшаулау талап етіледі.

14. Виртуалды білім беру ортасында білім алушылар мен ұстаздар өзара ақпаратпен бөлісуде электрондық жүйелер, онлайн форумдарда қолдануын қамтиды. Онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады.

### 3 - тарау. «Музыка» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

16. Бағдарламаның мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған, бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.

17. Әрбір бөлімшеде ұсынылған оқу мұғалімге жұмысын жүйелі (музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және білім алушылардың музыкалық-шығармашылық іс-әрекетін) жоспарлауға, коммуникативті және тіл дағдыларын дамытуға, білім алушылардың жетістіктерін бағалап, оқытудың келесі кезеңдерімен хабардар етуге мүмкіндік береді.

18. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) музыка тыңдау, орындау және талдау;
- 2) музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау;
- 3) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.

19. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыка тыңдау және талдау;
- 2) музыкалық сауаттылық;
- 3) музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.

20. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) идеялар және материалдарды жинақтау;

2) музыка шығару және импровизация.

21. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.

22. 5-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) музыка тыңдау, орындау және талдау. Музыка тыңдау және талдау: музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру. Музыкалық сауттылық: дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың, айтыстың жанры мен стилін анықтау; дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын ажырату; әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау; ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану. Орындаушылық іс-әрекет: әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау;

2) музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау. Идеялар және материалдарды жинақтау: музыкалық-шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау. Музыка шығару және импровизация: музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау; компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, қарапайым музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау;

3) музыкалық шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау. Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау: өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру.

23. 6-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) музыка тыңдау, орындау және талдау. Музыка тыңдау, талдау: музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау; симфониялық оркестрдің музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, топтар бойынша жүйелеу. Музыкалық сауттылық: классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау; эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау; көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру; ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану. Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет: әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтері мен әнді орындау; музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау;

2) музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау. Идеялар және

материалдарды жинақтау: музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру. Музыка шығару және импровизация: музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, күрделі музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау;

3) музыкалық шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау. Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау: өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

24. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен берілді: кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, мысалы, 5.2.1.4. кодында «5» – сынып, «2.1» – екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

25. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Музыка тыңдау, орындау және талдау»:

1-кесте

Бөлімшеле р	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Музыка а тыңдау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау
	5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру	6.1.1.2 симфониялық оркестрдің музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, топтар бойынша жүйелеу
1.2 Музыкалы қ сауаттылы қ	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың, айтыстың жанры мен стилін анықтау	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау
	5.1.2.2 дәстүрлі әншілік	6.1.2.2 эстрада музыкасының

	мектептердің және халық композиторларының шығармаларын ажырату	жанрлары мен бағытын анықтау
	5.1.2.3 әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау	6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру
	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтері мен әнді орындау
	5.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау	6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау»:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру
2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау	6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
	5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation	6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation

	(саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, қарапайым музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау	(саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, күрделі музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
--	--	--

3) «Музыкалық шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау»:  
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру	6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру

26. Осы Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

27. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне беріледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
5-6 сыныптарына арналған  
«Музыка» пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

1 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар. Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі/мазмұны	Оқыту мақсаттары
Қазақ халқының музыкалық мұрасы	Қазақ халқы әнінің әуенділігі	5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын ажырату; 5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Айтыс өнері	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық, музыкалық жанр мен стиль, айтыстың түрін анықтау; 5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын ажырату; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Күй құдіреті	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың, айтыстың жанры мен стилін анықтау; 5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау;

		5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	5.2.1.1 музыкалық-шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау; 5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны таныстыру	5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру; 5.1.2.3 әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау
Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы	Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Жаңғырған салт-дәстүр әндері	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Халық музыкасының интерпретациясы	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Халық музыкасын өндеу	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау;

		5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау
	Жобаны таныстыру	5.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі	Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 5.1.2.3 әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау; 5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу
	Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру; 5.1.2.3 әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Еуропа халықтарының	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы

	музыкалық дәстүрі	талдау; 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру; 5.1.2.3 әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу
	Жобаны таныстыру	5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру; 5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
Музыка тілі – достық тілі	Қазақстан халықтарының музыкасы	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру; 5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.3.1.1 өзінің жұмысымен таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Бір шаңырақ астында	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау; 5.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау;

		5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру
	Өз елім	5.1.1.1 музыкалық жанр мен көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканын көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; 5.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау; 5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау; 5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны таныстыру	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 5.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, бағалау және жетілдіру

2) 6-сынып:

2 –кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар. Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі/мазмұны	Оқыту мақсаттары
Классикалық музыканың үздік туындылары	Орган музыкасы	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау
	Симфониялық	6.1.1.2 симфониялық оркестрдің музыкалық

	музыка	аспаптардың дыбысталуын ажытару, топтар бойынша жүйелеу; 6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау; 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау
	Опера өнері	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау
	Балет өнері	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау; 6.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
	Қазақстанның кәсіби музыкасы	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау; 6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау
	Жобаны	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау,

	таныстыру	өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
Заманауи музыка мәдениеті	Эстрадалық музыка	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау; 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау
	Заманауи музыкалық жанрлар	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау; 6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және ансамбльмен аспаптарда орындау
	Джаз музыкасы	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалы шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.1.2 симфониялық оркестрдің музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, топтар бойынша жүйелеу

	Жобаны жоспарлау және құрастыру	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау;
	Жобаны таныстыру	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
Музыка және өнер түрлері	Музыка және поэзия	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру; 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау; 6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Музыка және бейнелеу өнері	6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру; 6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау; 6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.1.3.1 музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін

		жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау
Музыка және театр	<p>6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру;</p> <p>6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану;</p> <p>6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау;</p> <p>6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау;</p> <p>6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу, екі дауыспен және канон элементтерімен әнді орындау;</p> <p>6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау</p>	
Музыка және кино	<p>6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау;</p> <p>6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау;</p> <p>6.1.3.2 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау;</p> <p>6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау;</p> <p>6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру</p>	
Жобаны жоспарлау және құрастыру	<p>6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру;</p> <p>6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау;</p> <p>6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды</p>	

		редакциялау және интерпретация жасау; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
	Жобаны таныстыру	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру;
Музыка және технология	Музыкалық компьютерлік бағдарламалар	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау; 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Анимациядағы музыка	6.1.1.2 симфониялық оркестрдің музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату, топтар бойынша жүйелеу; 6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру
	Дыбыстау және музыкамен көркемдеу	6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін көркемдеуші құралдарын салыстыру; 6.1.1.2 симфониялық оркестрдің музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату, топтар бойынша жүйелеу; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны жоспарлау және құрастыру	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идея ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалды жаңаша түсіндіру; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity (аудасити), Soundation (саундейшн), Windows Movie Maker (виндоус муви мейкер), Киностудия)

		қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау
	Жобаны таныстыру	6.3.1.1 өз жұмысын таныстыру, өзінің және өзгелердің жұмысын бағалау және жетілдіру; 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану